

Тәні мен психикалық саулығының дамуына тәрбиелеу

Электр құралдарын дұрыс пайдалана білеміз бе?

Мақсаты:

1. Оқушыларға электр құралдарын пайдалануда қауіпсіздік ережелерін сақтауды түсіндіру;
2. Электр қуатын сақтауда оқушының өз белсенділігін шыңдау, қауіпсіздік ережесін сақтауға тәрбиелеу.



Күтілетін нәтиже:

Оқушылар өз ойларымен бөлісті, өрттің не қауіп-қатердің болуына мысалдар келтірді, қауіпсіздік шаралардың алдын-алу туралы мағлұмат алды.

«Агентомания» (интернет желісінің пайдасы мен зияны)

Агенттің, жалпы интернет желісінің пайдасы мен зияны жөнінде сөз қозғалды. Оқушылар осы жайында өз ой- пікірлерін ортаға салды. Бейне таспа арқылы Жаңбырбай Парасат, Қайыр Еркебұлан, Саниязбеков Әділбек, Қабидоллаева Гүлдана агенттің пайдасы мен зиянын айтты. Болашақта әлеуметтік желілердің пайдасы мен қоса зиянды жақтарын жа ескере отырып, желілерге салынатын түрлі ақпараттар үшін жауапкершілікпен қарау керектігі ескертілді, пайдасыз ақпараттарды қолданбауға ұсыныс берілді.

XXI ғасыр – жаңа ақпараттық технологиялардың ғасыры. Технологияларды меңгеру мен қатар дұрыс қолдану керектігін әрбір зияткер оқушы ой елегінен өткізе отырып, өзіне, отбасына, достары мен өзінің жүрген ортасына зиян келтірмейтіндей қоладана білуі керек.

Оқушылар еңсесі биік, егеменді еліміздің адалдықты ту еткен алғыр ойлы, парасатты ұл-қыздары болуды мақсатымыз деп түйіндеді.



«Компьютер және ғаламтордың пайдасы мен зияны»

Мақсаты: бүкіл әлемдік ермек – интернетке байланысты оқушылардың сауаттылығын, білімдерін нығайту, тиянақтау, пәнге қызығушылығын арттыру. Оқушылардың интернеттің пайдасы мен зиянды тұстары туралы жүйелі ойларын қалыптастыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу, оқушылардың ой - өрісін, тіл байлығын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.



Оқушыларға сұрақтар қою арқылы өз ойларымен, пікірлерімен бөлісті. Компьютер мен ғаламтордың пайдасы мен зияны туралы сұрақтарға жауап берді, видео материалдар көрсетілді.

Шынықсаң шымыр боларсың

Мақсаты: Оқушылардың денсаулығын, белсенділігін нығайту, ептіліктерін, шапшаңдықтарын, батылдықтарын байқау. Спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру және салауатты өмір салтын насихаттау

Нәтиже: Жарыстың әрбір кезеңінде оқушылар белсенділік танытып, шапшаң, ширақ қимылдап, жеңіске деген құлшыныстары байқалды. Әділқазылар алқасының шешімі бойынша командалар өз мүмкіндіктерінше төмендегідей орындарға ие болды: 1 орын «Достық», 2 орын «Күлегіштер», 3 орын «Күштілер».

«Дарабоз» спорттық жарыс

Мақсаты:

Топтар арасында дені сау, жігерлі де қайсар, салауатты өмір салтын ұстанатын ұрпақ тәрбиелеу



Нәтиже: жарыстың әрбір кезеңінде оқушылар белсенділік танытып, шапшаң, ширақ қимылдап, олардың жеңіске деген құлшыныстары байқалды. Екі команда да бірдей ұпай жинап, капитан командалары бір-бірден ойын ұйымдастырды.

Дұрыс тамақтану- денсаулық кепілі

Мақсаты:

Дұрыс тамақтанудың денсаулық үшін маңыздылығын түсіндіру, салауатты өмір салты жөніндегі ұғымдарын кеңейту, ой-өрістерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту, оқушыны шымыр да шапшаң, ұқыпты да жинақы болуға тәрбиелеу



Нәтиже:

Медбике оқушылардың қойған сұрақтарына жауап беріп, медициналық тілде парақшалар арқылы «Мектеп оқушысының тамақтануы», «Балалар арасындағы семіздік», «Тағамдағы ас тұзының пайдасы мен зияны» туралы кеңес берді. Тамақтанудың «Алтын ережесі» ұсынылды. Тәрбие шарасы мақсатына жетті.

«Нашақорлық және құқық бұзушылық»

Мақсаты: есірткі заттарының, ішімдік ішу мен темекі тартудың жас ағзаға тигізер зиянды әсері, өкінішке ұрындырар, келешек өмірлеріне келтірер кесапаты туры түсінік беру.

Күтілетін нәтиже: салауатты өмір салтын насихаттай алатын, өз болашағына сеніммен қарайтын тұлға қалыптастыру.



Тәрбие сағатының соңында топтық жұмыс жасап, нашақор адам мен дені сау адамды салыстыру арқылы ақ қағазға сурет салып қорғады.

Әр сәрсенбі күндері мектеп психологімен тренинг өткізіледі

Мақсаты: оқушылардың көтеріңкі көңіл күйін қалыптастыру, ынталандыру, ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу

Психологпен кездесу сәті.



Оқушылардың бір – бірімен таныстыру кезеңі.



Ой жинақтау



«Мен және менің айналамдағылар»



«Кім шапшаң» ойыны.

